ӨМІРЗАҚТАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНДА

Өмірзақ ауылының әкімі Бейсенғали Кенжалиевтің есеп беру кездесуі әлеуметтік түйткілдер төңірегінде өрбіді. Жиында ауыл аумағына инженерлік инфрақұрылым желілерін жүргізу, жол салу және асфальт жабындысын төсеу, білім беру нысандары мен ойын алаңдарының құрылысын жеделдету, жол бойын жарықтандыру сынды өзекті мәселелер тұрғындар талқысына түсті.

Голрох ЖЕМЕНЕЙ

Ауыл әкімінің мәліметіне сүйенсек бүгінгі таңда Өмірзақ ауылының «Рауан» массивінде «Жайлы мектеп» жобасы аясында 300 орындық мектеп құрылысы жүріп жатыр. Білім беру нысанының құрылысы 2025 жылы аяқталып, пайдалануға беріледі.

– Мектеп жанынан мәдениет үйін ашу бастамасы да жоспарланды. Бұдан бөлек «Ақжелкен» тұрғын үй массивінде балалар ала доппен алаңсыз ойнауы үшін 2 және «Оймаша» тұрғын үй массивінде 1 футбол алаңы салынады. Жыл соңына дейін қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің қолдауымен ауыл аумағынан қосымша 2 футбол, 2 воркаут және 2 балаларға арналған ойын алаңын салу жоспарлануда, – деді Бейсенғали Кенжалиев.

Кедергісіз көлік қатынасы мен қолайлы тұрмыстың кепілі – тақтайдай тегіс жол және сапалы құрылыс. Ауыл тұрғындарын алаңдатқан ауқымды мәселе шешімі ретінде әкім Рауан тұрғын үй массивіне жаяу жүргіншілерге арналған жол салу, арнайы белгілер мен тротуар орнату бойынша жоба жасақталғанын алға тартты. Ауыл әкімі тиісті қаражат бөлінген соң құрылыс дер кезінде бастау алатынын ескертті.

Бұдан бөлек жыл соңына дейін ауылды орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосу жұмысы толығымен аяқталады. Жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталып, «Гранд Азия» мекемесімен келісім шарт жасалған.

Мұнайлы ауданында «Маңғыстау жарық» ЖШС-ның хабарландыруы бойынша жария тыңдау өтеді

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті, «Маңғыстау жарық» ЖШС-ның электр энергиямен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметі бойынша алдағы уақытта тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаларының шекті бағаның жоғары көтерілуі туралы хабарландыруы бойынша жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау 2024 жылғы 1 шілде сағат 10.00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе селосы, Құбыла көшесі, №57 ғимарат, мәдениет үйінде өтеді.

Сонымен бірге көптеген мүдделі тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жария тыңдау параллельді түрде онлайн режимде департамент басшысының Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (іздеуге ТМРҚД Маңғыстау енгізу қажет) көрсетілетін болады (https://www.facebook.com/profile.php?id=100051930454400).

Департамент мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға қатысуға шақырады.

Департаменттің байланыс телефондары: 8(7292) 42-16-20, 43-84-11.

№318

«МӨЭК» АҚ тұтынушыларына және барлық мүдделі тұлғалардың назарына!

«Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» АҚ электр энергиясын беру реттеліп көрсетілетін қызметтінің 2024 жылдың 1-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша есеп туралы жариялық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Есепті өткізу уақыты: 2024 жыл 26 шілде сағат 15:00-де.

Өткізу орны: Ақтау қаласы, 29 «а» шағын аудан (құс фабрика ауданы), «МӨЭК» АҚ компанияның аймақтық диспетчерлік орталық ғимаратында.

№320

Қазақ тілін меңгеру арқылы отан сүйгіштікті қалыптастыру

Мамандандырылған IT лицейде бірегей педагог – Нам Любовь Александрқызы жұмыс істейді. Ол орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, ол әрбір сабақты тереңдете түсіндіре қызықты өткізеді. Әрбір тақырып мазмұнын аша біледі. Любовь Александрқызы – қазақ тілін жетік меңгерген кәріс қызы.

Бала кезінен ол қазақ тілін үйренуге бар күшін салды. Ол мемлекеттік тілді білу маңызды ғана емес, сонымен бірге өз елінің әрбір патриотының міндеті деп санады. Өзінің табандылығы мен қазақ тіліне деген сүйіспеншілігінің арқасында тілді жоғары деңгейде меңгерді, бұл оның кәсіби қызметтегі басымдықтарының бірі болды.

Қазақ тілі оның жұмысының ажырамас бөлігіне айналды. Оқушыларының тілді жақсы түсініп қана қоймай, мән-мағынасын ұғынуға, жан-жақты дамуына үлес қосуға көмектесті. Ол орыс тілі мен әдебиеті сабағында грамматика мен әдеби шығармаларды үйретумен қатар, балаларды ана тілі мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиеледі.

2016 жылы Любовь Александрқызы Абай Құнанбаевтың шығармашылығын дәріптеуге және оқуды дамытуға қосқан үлесі үшін «Абай оқулары» байқауында гран-при иегері атанды. Оның қазақтың бас ақыны, ұлы ойшылы шығармалары бойынша зерттеу жұмысы республикалық деңгейде жоғары бағаланды. Бұл оның таланты мен еңбекқорлығының нәтижесі мен жоғары кәсібилігінің жемісі болды.

Любовь қоғамдық шараларға да белсене қатысады. Ол облыстық Ассамблея жастарының мүшесі, «Чосон» кәріс этномәдени бірлестігінің басқарма мүшесі, ол біздің еліміздің аумағында кәріс мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және дамытуға үлес қосады. «Чосон» бірлестігіндегі қызметі мәдени байланыстарды нығайтуға көмектеседі және түрлі халықтар арасындағы өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді.

Любовь Александрқызы жұмысы мен қоғамдағы қызметі, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігімен өзге ұлт өкілдеріне үлгі бола білді. Ол оқушыларға орыс тілі мен әдебиетті меңгеруге көмектесіп қана қоймай, басқа халықтардың тілі мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелейді.

Мемлекеттік тілді білу, өзге ұлттың салт-дәстүрін құрметтеу, қоғамның үйлесімді дамуының және әрқайсысымыздың жеке табысымыздың кілті болары хақ.

МО Қазақстан халқы Ассамблеясы.

№319

Тез арада Түпқараған аудандық «Ақкетік» газетіне **тілші қажет**

Ақтау қаласы, 9-ш.а., 42/1, «Маңғыстау-Медиа» ғимараты.

Байланыс телефоны: 8 (7292) 20-48-34.

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

MAŃǴYSTAÝ MEDIA

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР:

Жобаның атауы	Жұмыс жобы арналған ҚОҚ бөлімі: «Өзен» кен орнында құрамында мұнай бар қалдықтарды биологиялық ремедиация әдісімен (БРӘ) қайта өңдейтін уақытша технологиялық алаңдар»
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны	2024 жылғы 30 маусым сағат 11:00, «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік бөлімшесі, 2-қабат, конференц-зал.
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері	«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау департаменті, БСН 120240020997, А.Кожанова, 8-72934-65178
Әзірлеушінің атауы және байланыс деректері	«Сан-А» ЖШС 14-ш/а, 80-ғимарат
Онлайн қосылуға сілтеме:	https://us04web.zoom.us/j/6391803028?pwd=aTBPNHhMSmlXR2RUbGxFQXI1SjZhUT09&omn=77573243822 Конференцияның сәйкестендіргіші: 639 180 3028 Қатынау коды: L0Be65
Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	https://ecoportal.kz
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Жобаларды экологиялық сараптау бөлімі - бас маман Сабина Базарбай, эл.пошта: s.bazarbai@mangystau.gov.kz., тел.8(7292) 43-10-88; моб.+7 (778) 113-9897

«Жамалбек» ЖШС «2024-2034 ж.ж таушық-3 құрылыс тасын өндіру үшін атмосфералық ауаға ластаулардың шекті рұқсат берілген шығындыларының стандарттарының жобасын реттеу» тақырыбында ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылы 1 тамыз күні сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, Х.Елмұханбетова, №6 әкімшілік ғимаратында өтеді.

Карантин режимі немесе төтенше жағдайында тыңдаулар ZOOM арқылы бейнеконференция форматында өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтіңіз:

https://us04web.zoom.us/j/76687241598?pwd=45Llf2fbrRvsxbuJwmJj4pWrIq7uFF.1

Конференция идентификаторы: 766 8724 1598, қатынас коды: VFm7NF

Іс-шараның бастамашысы: «Жамалбек» ЖШС, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау с.о., ауылы. Маңғыстау, 1 «а» блок, 81-корпус, тел.: +7 (7014320324)

Жобаны әзірлеуші: И.П.Пушинка А.А., Ақтау қ., 14-шағын аудан, 19-корпус, 121 шаршы, тел. +7 (7755138403).

Құжаттама http://ecoportal.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ интернет-ресурсында орналастырылған.

Материалдарды сұрауға болатын электрондық пошта мекен-жайы мен телефоны: alenin25@yandex.kz, тел. +7 (7755138403)

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекен-жай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 1-ғимарат; тел: +7 (7292) 462131 (1210), moup@mangystau.gov.kz, жауапты тұлға Сабина Базарбай.

№321

БҰЛ БОС ОРЫН СІЗДІҢ ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42